

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 11 шілдедегі N 656 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 4 мамыр N 658

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономикалық тұрақтылықты нығайту жөніндегі меморандумы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 11 шілдедегі N 656 P980656_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 22, 194-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен мақұлданған Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономикалық тұрақтылықты нығайту жөніндегі меморандумында:

жетінші абзацтағы "(Үкімет белгілеген жағдайларды қоспағанда)" деген сөздер алынып тасталсын және "тек ашық ақша аукциондарында ғана" деген сөздер "заңнамалық кесімдерде көзделген тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.